

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 6 сәуірдегі № 84 "Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының елді мекендеріне бірыңғай сәuletтік келбетін беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 6 қарашадағы № 214 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 7 қарашада № 7612-15 болып тіркелді

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының елді мекендеріне бірыңғай сәuletтік келбетін беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 6 сәуірдегі № 84 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27567 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының елді мекендеріне бірыңғай сәuletтік келбетін беруге бағытталған, көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында:

2-тармақтың 2), 3), 8) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) кондоминиум объектісі – жеке (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, тұрақ орындарынан, қоймалардан және жеке (бөлек) меншікте бола алмайтын және ортақ үлестік құқықтағы пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, тұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелеріне тиесілі ортақ мүлектен тұратын бірыңғай мүліктік кешен көппәтерлі тұрғын үйдің астындағы бірыңғай бөлінбейтін жер учаскесін және (немесе) үй жанындағы жер учаскесін қоса алғанда, меншік;

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі– кондоминиум объектісінің бөлектері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ алаңдары, лифттер, шатырлар, шатырлар, техникалық қабаттар, жертөлелер, жалпыуylіk Инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үйдің және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі жеке (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емкс үй-жайлардан, тұрақ орындарынан, қоймалардан басқа);";

"8) көппәтерлі тұрғын үйдің кондоминиумы (бұдан әрі – кондоминиум) – пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар, тұрақ орындары, қоймалар жеке (бөлек) меншікте болатын, ал

жеке (бөлек) меншікте болмайтын бөліктер пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, тұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелеріне ортақ ұлестік құқықта тиесілі болатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген меншік нысаны көппәтерлі тұрғын үйдің астындағы бірыңғай бөлінбейтін жер участкесін және (немесе) үй жанындағы жер участкесін қоса алғанда, меншік;".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақжар ауданының әкімі

K. Калиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК